



# Сабақтың тақырыбы

## АДАМДАР АРАСЫНДА ӨМІР СҮРУ ӨНЕРІ



→ **Құндылық:** Дұрыс әрекет

→ **Қасиеттері:** Ізгілік,  
мейірімділік, сыйластық



# Мақсаты:



Адамдар арасында өмір сүру өнерін ұғындырып, «Дұрыс әрекет» құндылығының мәнін ашу.



# Міндеттері:

→ Адамдар арасында өмір сүру өнері жөнінде түсінік беру;

→ Дұрыс әрекет құндылықтарын қастерлеуге баулу;

→ Ізгілікке, мейірімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.



# Дәйексөз

**Өзіңе қаламағанды өзгеге де істеме, өзіңе қалай қарағанын қаласан, өзгеге де солай қара.**

*Конфуций*

- 1. «Өзіңе қаламағанды өзгеге де істеме» деген сөзді қалай түсінесіздер?**
- 2. Өзіңе жасаған жақсылықты өзгеге де жаса, – деп дәйексөзді жалғастыруға бола ма?**
- 3. Конфуций осы нақыл сөзімен қандай ойды түйіндеп тұр?**
- 4. Дәйексөзден қандай ой түйдіңіздер?**



## ОҚЫП, ҮЙРЕНЕЙІК

### АДАМДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ҚҰПИЯСЫ (Үзінді)

**Дейл Карнеги**  
(24.11.1888-1.11.1955)  
америкалық педагог,  
психолог, жазушы







## ОЙЛАНАЙЫҚ, ПІКІРЛЕСЕЙІК

1. Шваб жетістікке қалай жетті?
2. Қалай ойлайсыздар, өзгелердің жақсы қасиеттерін шынайы бағалау үшін адам қандай болуы керек?
3. Мәтіндегі «Атойлап шабуылдаған жауыңнан емес, жарамсақтанып, жағымпазданған достарыңнан қорық» деген тұжырымды қалай түсінесіздер?
4. Мәтіннен қандай ой түйдіңіздер?





## ЖАҢА АҚПАРАТ

Адамдар арасындағы қарым-қатынас – өте қажетті әрекет. Ол адамның қоғам мүшесі болып қалыптасуы мен дамуына үлкен ықпал етеді. Адам ұжыммен біте қайнасып кеткенде із-түзсіз қалмайды. Керісінше, ол ұжымда зор қасиет тауып, кемеліне келіп толысады.

Осы орайда атақты педагог Василий Сухомлинскийдің «Кімде-кім басқалардың бақытын ойлап, өз ғұмырын сарп етсе, оның жаны сұлулана түсіп, жұлдызы жанады» деген сөздерін әрқайсысымыз есте сақтағанымыз абзал.



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

### **1-тапсырма.**

Дейл Карнегидің «Адамдармен қарым-қатынас жасау құпиясы» деген мәтінінен адамдардың ізгі қатынасы неге негізделгені туралы тұжырымдарын тауып, оқып беріңіздер.

### **2-тапсырма.**

Адамдармен тіл табыса білудің сыры неде?» деген тақырыпта жүргізген сауалнаманың нәтижесін талқылаңыздар. Қандай ұқсастық, айырмашылық болғанын айтып беріңіздер.



## ЖОБА ЖҮМЫСЫ

Төменде берілген ақпаратпен танысып, шынайы көшбасшыларға нақты мысалдар келтіріңіздер.

1. Махатма Ганди (барлық атақ пен лауазымдардан бас тартқан);
2. Авраам Линкольн (құлшылық туралы заңды жойып, Американың ақ және қара халқын тең құқықты ету үшін бәрін құрбандық етуге дайын болды);
3. Тереза ана;
4. Шыңғыс Айтматов (Қырғызстанның Президенті болудан бас тартқан) және т.б.



## Үй тапсырмасы

**2-тапсырма.** Адамдар арасында жақсы, адал қарым – қатынас құруда маңызды санайтын қасиеттер мен іс – әрекеттерді өзіңізге маңыздыларынан бастап басқышқа орналастырып, жазыңыз.